Аннотация. Ғылыми мақалада гипс-цемент-пуццоланды композициялық материал алу үшін гипс, портландцемент, опока және күл материалдардың жарамдылығын физика-химиялық әдістермен зерттеудің нәтижелері келтірілген. Шикізаттардың сапасын анықтау жұмыстары заманауи құрал-жабдықтардың көмегімен тексерілді. Гипс-цемент-пуццоланды (ГЦП) композициялық материалдарды алудың өзектілігі портландцемент бағасының қымбат және атмосфераға шығаратын CO_2 газының мөлшерінің артуымен, «жасыл экономика» принципі бойынша экологиялық таза өнім алумен тікелей байланысты. Зерттеу нәтижесінде гипстің құрамы 29,89% CaO және 38,11% SO_3 тұратындығы анықталды. 120-180°C температура аралығында эндотермиялық әсерде екі сулы гипстің жарты сулы гипске, сосын ангидридке өтуі, жалпы 15-16% масса жоғалуы тіркелді. Микроқұрылымы поликристалды болып келген, кальций сульфатының стехиометриялық мәнін толықтай дәлелдейді. Цементтің құрамы 60,87% CaO , 20,48% SiO_2 және 5,88% Al_2O_3 тұратындығы анықталды. 420-580°C температура аралығында портландит минералының $\text{Ca}(\text{OH})_2$ сусыздануы анықталды, жалпы 2-3,5% масса жоғалуы тіркелді. Цемент микроқұрылымында C_3S және C_2S минералдарының басымдығы және аралық фаза $\text{C}_3\text{A}+\text{C}_4\text{AF}$ тұратындығы анықталды. Опоканың құрамы 75,31% SiO_2 , 1,24% CaO және 9,24% Al_2O_3 тұратындығы анықталды. 400-520°C температура аралығында сазды минералдардың құрамындағы су молекулаларының жоғалуы анықталды, жалпы 10-11% масса жоғалуы тіркелді. Микроқұрылымы жоғары кеуекті болып келген, аморфты кремний диоксидінің агрегаттарын толықтай дәлелдейді. Күлдің құрамы 58,98% SiO_2 , 4,05% Fe_2O_3 және 30,05% Al_2O_3 тұратындығы анықталды. 380-640°C температура аралығында көміртектің жану мен декарбонизациялану процесінің жүруі анықталды, жалпы 4,5-5,5% масса жоғалуы тіркелді. Микроқұрылымы шыны тәрізді болып келген, жанбаған көміртек қоспаларының бөлшектері анықталды. Жүргізілген физика-химиялық зерттеу нәтижесінде гипс, цемент, опока және күл қосындысынан гипс-цемент-пуццоланды композициялық материал алуға толықтай мүмкіндік бар екендігі дәлелденді.

Түйін сөздер: гипс, портландцемент, опока, күл, пуццоланды қоспалар, композициялық материалдар, гипс-цемент-пуццолан қоспалары

©Сагынтаева А.¹, Жаникулов Н.^{1*}, Сударев Е.², Кайырбаева М.¹,
Жакипбаев Б.^{3*}, 2026.

¹Карагандинский национальный исследовательский университет имени
академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан;

²Национальный исследовательский Томский политехнический университет,
Томск, Россия;

³Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова,
Шымкент, Казахстан.

E-mail:nurgali.zhanikulov@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ КАЧЕСТВА СЫРЬЯ ДЛЯ ПОЛУЧЕНИЯ ГИПСО- ЦЕМЕНТО-ПУЦЦОЛАНОВОГО КОМПОЗИЦИОННОГО МАТЕРИАЛА

Сагынтаева Акмаржан — PhD докторант, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан,

E-mail: akmarzhan_97_31@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3275-4144>;

Жаникулов Нургали — PhD, ассоциированный профессор, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан,

E-mail: nurgali.zhanikulov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0750-9753>;

Сударев Евгений — кандидат технических наук, доцент, Научно-образовательный центр имени Н.М. Кижнера; Национальный исследовательский Томский политехнический университет, Томск, Россия,

E-mail: sudarev@tpu.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5596-4048>;

Кайырбаева Маржан — магистр, старший преподаватель, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан,

E-mail: m_kaiyrbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1964-9582>;

Жакипбаев Бибол — PhD, ассоциированный профессор, главный научный сотрудник, Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: bibol.ye.zhakipbayev@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0750-9753>.

Аннотация. Разработка гипсо-цементно-пуццолановых композиционных материалов является перспективным направлением строительного материаловедения, обусловленным необходимостью снижения расхода портландцемента, сокращения выбросов углекислого газа и расширения использования природного и техногенного минерального сырья в соответствии с принципами «зелёной экономики». В связи с этим особую актуальность приобретает оценка качества исходных компонентов и их пригодности для получения композиционных вяжущих. В работе представлены результаты комплексного физико-химического исследования гипса, портландцемента, опоки и золы, предназначенных для получения гипсо-цементно-пуццолановых композиционных материалов. Анализ сырья проводился с использованием современных методов, позволяющих определить химический состав, термические характеристики и особенности микроструктуры исследуемых компонентов. Установлено, что гипс содержит 29,89 % CaO и 38,11 % SO₃, а в температурном диапазоне 120–180 °C происходит последовательное превращение дигидрата гипса в полугидрат и ангидрит с общей потерей массы 15–16 %. Для портландцемента

выявлено преобладание оксидов CaO (60,87 %), SiO₂ (20,48 %) и Al₂O₃ (5,88 %), а также наличие основных минералов C₃S и C₂S. Опока характеризуется высоким содержанием SiO₂ (75,31 %) и наличием высокопористых аморфных кремнезёмных агрегатов. В составе золы установлено содержание 58,98 % SiO₂, 30,05 % Al₂O₃ и 4,05 % Fe₂O₃, а также присутствие стекловидных частиц и несгоревших углеродных включений. Результаты физико-химического анализа подтвердили возможность использования исследуемых компонентов для получения гипсо-цементно-пуццолановых композиционных материалов. Использование смесей на основе гипса, портландцемента, опоки и золы позволяет получать экологически безопасные композиционные вяжущие с пониженным содержанием клинкера и способствует рациональному использованию природного сырья и промышленных отходов.

Ключевые слова: гипс, портландцемент, опока, зола, пуццолановые добавки, композиционные материалы, гипсо-цементно-пуццолановые смеси

Kіріспе. 2025 жылы Қазақстан Республикасында жұмыс жасайтын цемент зауыттар 14,378 млн тонна цемент, 8,791 млн тонна клинкер өндіріді. Бұл 2024 жылғы көрсеткішке қарағанда 17,2 % және 3,2 % жоғары (Production, 2026). Алайда, барлық цемент зауыттары клинкер кұйдіру кезінде бөлінетін CO₂ газының шығару деңгейін төмендету мақсатында, әр цемент зауытқа бөлінген квоталарды қатаң сақтау үшін қоспасы бар портландцемент пен композициялық цемент түрлерінің өндірісін арттырғаны белгілі болды (Amiraliyev et al., 2025).

Қазіргі таңда әлемдік цемент өндірісінің көлемі жылына 3,3 млрд тонна цементті құрап, рекордтың деңгейге жетсе, гипс өндірісінің көлемі 147 млн тоннаға жетті, бұл тұтастырғыш материалдардың ең үлкен сегментін құрап отыр (Cement, 2024).

Әлемде тиімді технологиялық, экологиялық таза композициялық материалдардың құрамын әзірлеу ерекше маңызға ие. Осындай перспективалы бағыттардың бірі – гипс, цемент және белсенді минералды қоспалардың артықшылықтарымен біріктірілген гипс-цемент-пуццоланды (ГЦП) композициялық материалдарды айтуға болады (Bumanis et al., 2020). Гипс-цемент-пуццоланды (ГЦП) композициялық материалдар аралас композиттер болғандықтан олардың әлемдік өндіріс нарығы портландцементке қарағанда әлде қайда төмен. Алайда әлемдік сарапшылардың болжамынша цемент пен гипсті тұтастырғыш материалдардың жалпы көлемінің 1-5 % құрайды делінген, бұл шамамен 30-150 млн тоннаға бағаланады (Sahmenko et al., 2024).

Қазіргі заманғы бейорганикалық материалдар мен тұтастырғыш заттардың дамуын арттыруда жаңа ГЦП композициялық материалдардың құрамын әзірлеу келесідей өзектілікпен расталады:

Біріншіден, құрылыс материалдардың қымбат бағасын төмендету қажеттілігінен туындайды. Гипс-цемент-пуццоланды композициялық материалдарды пайдалану, қымбат және экологияға зияны басымырақ портландцементті ішінара алмастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, бұл композициялық материал «жасыл экономика» принципі бойынша экологиялық таза құрылыс талаптарына сай келеді. Минералды ресурстарды: пуццоландар, күл және шлактарды пайдалану арқылы қоршаған ортаға әсерді азайтуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, бұл жаңа инновациялық композициялық материалды алудың дамуына және портландцементке балама материалдың пайда болуына мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы алғаш рет гипс-цемент-пуццолан композициялық материал алу үшін отандық шикізат материалдардың жарамдылығын физика-химиялық әдістермен зерттеу болып табылады.

Әдеби шолу. Портландцемент өндірісі карбонатты шикізатты декарбонизациялау нәтижесінде, клинкерді күйдіру процесінде отынды жағу кезінде қалыптасатын көміртек диоксидінің (CO_2) елеулі шығарындыларымен қатар жүреді. Орташа алғанда 1 т цемент клинкерінің өндірісі үшін атмосфераға шамамен 0,7-0,9 т CO_2 газы бөлінеді. Бұл цемент өндіріс саланың жиынтық үлесі жаһандық антропогендік шығарындылардың 7-8 % құрайды. Бұл клинкерлік құрамдас бөлігі төмен баламалы тұтқыр жүйелерді әзірлеу қажеттілігін негіздейді. Көміртегі ізін төмендетудің тиімді жолдарының бірі цементті гипс-цемент-пуццоланды композиттерінің құрамында пуццолан қоспаларымен ішінара ауыстыру болып табылады. Тұтастырғыш салмағының 20-50 % мөлшерінде пуццолан компоненттерін енгізу цемент шығынын және CO_2 шығарындыларын төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл ретте пуццолан реакциялары кальций гидросиликаттарының (C-S-H фазалары) қосымша пайда болуына ықпал етеді, бұл материалдың құрылымы мен беріктік сипаттамаларына оң әсер етеді (Potapova, 2016).

Жалпы портландцемент құрамында 5-7 % гипс болады, бұл цементтің ұстасу мерзімін реттеу үшін өндіріледі. Портландцементтің қатаю кезінде этрингит минераланың көп мөлшерде түзілуі салдарынан цемент тасының жарылуына мүмкіндік туғызады. Сол себепті цемент тасының құрамындағы этрингит минералын кристалдануы қатаң бақыланады (Calderon-Morales et al., 2021). Бұл процессті болдырмау үшін қоспаға пуццолан материалдарын ендіру нәтижесінде гипс-цемент-пуццолан деп аталатын үштік композициялық материал пайда болады (Colak, 2021). Гипс-цемент-пуццолан композициялық материалдың портландцемент және гипс тұтастырғыштан айырмашылығы оның суға төзімділігі мен жоғары механикалық беріктікке ие. Сонымен қатар, гипс-цемент-пуццоланды (ГЦП) композициялық материалдардың құрамында 50 %-дан жоғары гипстен тұратындықтан қоршаған ортаға зиянсыздығы әлдеқайда төмен (Bumanis et al., 2020). Гипс-цемент-пуццолан үштік композициялық материал алу үшін құрамына әртүрлі өнеркәсіптік қалдықтар мен қайта өңделген гипстерді, жасанды қосалқы өнімдер мен минералды пайдалануға мүмкіндік береді (Bumanis et al., 2022).

Галаутдинов А.Р. және басқа ғалымдар гипс-цемент-пуццоланды тұтастырғыш материалдардың құрамын әзірлеу және оның қатаю ерекшеліктері бойынша зерттеулер жүргізген. Қатаю процесінің жоғары беріктікке жеткізу үшін

жоғары сапалы гипс және портландцемент пен белсенді минералды қоспаларды пайдаланған. Негізгі зерттеу нәтижесінде гипс-цемент-пуццолан қатайған тастың гидратациясы мен құрылым түзілу процестеріне, оның беріктік шегіне және суға төзімділігіне, сондай-ақ қоспаның су қажеттілігіне минералды және химиялық қоспалар кешенінің әсерін анықтаған (Galautdinov et al., 2019).

Осылайша, ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде гипс-цемент-пуццолан композициялық материалдарын алу бейорганикалық материалдар ғылымында перспективалы бағыт екенін көрсетеді. Оларды әзірлеу жүйеде жүретін физика-химиялық процестерді тереңірек түсінумен, тұрақты және жоғары тиімді композиттерді жасауға бағытталған. Біз көздеп отырған гипс, цемент, опока және күл қосындысынан алынатын ГЦП композициялық материалы ешқандай ғылыми деректерде толық қарастырылмаған және қолданысқа енгізілмеген, толық зерттелмеген.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Біздің ғылыми зерттеу жұмыстар Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «Композициялық материалдар зертханасында» орындалды. ГЦП композициялық материал алу үшін бастапқы шикізат ретінде Қарағанды облысы Ақтау кентінде орналасқан «Central Asia cement» зауытының ЦЕМ I/ 42.5 Б маркалы портландцементі, Түркістан облысы Оранғай кен орынының опокасы, Қарағанды қаласы ЖЭО-3 күл қалдығы және табиғи екі сулы гипс қолданылды. Олардың құрамын, құрылымын және қасиеттерін кешенді зерттеу үшін талдаудың бірқатар заманауи физика-химиялық әдістері қолданылды.

Гипс, цемент, опока және күлді кешенді зерттеу үшін шикізаттардың химиялық құрамын, фазалық құрылымын және термиялық қасиеттерін бағалауды қамтамасыз ететін төрт талдамалық әдіс қолданылды.

Компоненттердің элементтік және оксидтік құрамы Bruker компаниясының жоғары өнімді толқынды-дисперсиялық рентгенофлуоресцентті спектрометрі көмегімен анықталды (Declercq et al., 2019). Онда ұнтақ үлгілері стандартты планшеттерге орналастырылды, ал элементтердің сипатты рентгендік сәулеленуі бойынша химиялық қосылыстарды сандық және сапалық бағалау орындалды. Бастапқы шикізаттардың элементтік және оксидтік құрамы рентгендік флуоресценттік спектрометрде айқындалды. Гипс шикізаты үшін бұл әдіс кальций және күкірт тотықтарының құрамын анықтай отырып, катаю процестеріне әсер ететін ықтимал қоспа компоненттерін анықтауды қамтамасыз етті. Цемент жағдайында рентгендік флуоресценттік спектрометр оның гидравликалық белсенділігін анықтайтын CaO , SiO_2 , Al_2O_3 , Fe_2O_3 т.б. сияқты негізгі оксидтерді сандық бағалау үшін пайдаланылды. Опокаға талдау шикізат құрамында кремнеземнің жоғары құрамының барлығын дәлелдеу үшін әрі қабілетті пуццоландық белсенділігін бағалауға мүмкіндік берді. Оның көмегімен реакцияға түсуге және құрылымның қалыптасуына ықпал етуге қабілетті фазалардың маңыздылығы бағаланды. Яғни, рентгендік флуоресценттік спектрометр көмегімен компоненттердің химиялық құрамын және олардың композициялық материал құрамында негіздеуді қамтамасыз етті.

Қыздыру кезіндегі массаның термиялық қасиеттері мен өзгерістері Labsys Evo 1600 TG/DSC (Myrzakozha et al., 2014) термогравиметриялық талдағышын қолдана отырып зерттелді. Онда үлгілер тигельдерге орналастырылды және бақыланатын жылдамдықпен қыздырылды, бұл гидраттардың дегидратация, ыдырау сатыларын, материалдардың термиялық тұрақтылығы мен реакциялық белсенділігін анықтауға мүмкіндік берді. Термогравиметриялық талдау термиялық өзгерістерді және қыздыру кезінде материалдардың массасын өзгерту үшін қолданылды. Гипс үшін бұл әдіс гипстің ангидритке өту процестерін көрсететін кристалданған суды жоғалтуды қоса алғанда $(\text{CaSO}_4)^*$ дегидратациялаудың негізгі кезеңдерін анықтауға мүмкіндік берді. Цементті зерттеуде бұл әдіс гидратты қосылыстардың ыдырау процестерін анықтады. Қыздыру арқылы шикізат массасының өзгеруі бойынша гидратация дәрежесін бағалауға мүмкіндік берді. Опока жоғары термиялық тұрақтылығын және қарастырылып отырған температуралық диапазонда маңызды фазалық өзгерістердің жоқтығын дәлелдейді. Күл үшін термогравиметриялық талдау қалдық көміртегіні анықтауға және оның қыздыру процессіне реакциялық белсенділігін тұспалдауға мүмкіндік берді. Термогравиметриялық талдауды қолдану термиялық әсер ету кезінде кездесетін процестерді және олардың композициялық материалдардың қасиеттеріне әсерін жан-жақты түсінуге мүмкіндік берді.

Материалдардың фазалық құрылымы JEOL JSM-6610LV (Makarov et al., 2011) растрлық сканерлейтін электрондық микроскопында зерттелді. Шикізаттар төсеніштерге бекітіліп, жұқа өткізгіш қабатпен қапталған және бөлшектердің пішіні мен өлшемін, кеуектілігі мен гидратты ісік ерекшеліктерін анықтау үшін электрондық сканерленді. Растрлық электрондық микроскопта алынған шикізаттардың микроқұрылымы мен морфологиясына зерттеу жүргізілді. Гипсті зерттеу оның кристалды құрылымының ерекшеліктерін және құрылымның қалыптасу процестеріне әсер ететін бөлшектердің нысанын анықтауға мүмкіндік берді. Цемент үшін жасалынған зерттеу бөлшектердің өлшемі және пішінін анықтау үшін, әрі сумен әрекеттесу процессі кезінде пайда болатын жаңа құрылымдарды бақылауға мүмкіндік берді. Опокаға жасалған талдау кеуекті құрылымның бар екендігін анықтайды. Ол байланыс кеңістігін ұлғайтуға және басқа компоненттермен өзара әрекеттесу процестерінде оның белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Күл үшін жасалынған талдау композиттік құрылымын қалыптастыруға белсенді қатысатын, әрі оның беріктігіне әсер ететін компоненттерді анықтауға мүмкіндік берді. Қысқаша айтқанда, растрлық электрондық микроскопта бастапқы шикізаттардың құрамын анықтауға және олардың композициялық материалды алу процестеріне қатысуын бағалауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылаулар. ГЦП композициялық материалды алу үшін бастапқы шикізаттардың химиялық құрамын анықтау Heidelberg Cement тобының құрамына кіретін ЖШС «Шымкентцемент» зауытында орналасқан зауанауи Bruker компаниясының жоғары өнімді толқынды-дисперсиялық рентген флуоресцентті спектрометрі көмегімен анықталды. Бастапқы шикізат материалдардың химиялық құрамы 1 - кестеде көрсетілген.


Кесте 1. Шикізат материалдардың химиялық құрамы.

Шикізат	Химиялық құрамы, сал. %													
	SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	CaO	MgO	SO ₃	Na ₂ O	K ₂ O	P ₂ O ₅	TiO ₂	Mn ₃ O ₄	ККЖ	баска	жалпы
Гипс	4,64	1,29	0,44	29,89	0,92	38,11	0,10	0,37	0,03	0,22	0,02	23,75	0,22	100
Цемент	20,48	5,88	3,77	60,87	1,74	2,58	0,41	0,84	0,07	0,58	0,28	2,45	0,05	100
Опока	75,31	9,24	2,91	1,24	1,41	2,25	0,81	0,91	0,12	0,35	0,05	4,68	0,72	100
Күл	58,98	30,05	4,05	2,08	0,59	0,12	0,48	0,57	0,37	1,39	0,11	0,97	0,24	100


* ККЖ – күйдіру кезіндегі жоғалу

Рентген флуоресцентті спектрометрде алынған нәтижелерде, табиғи екі сулы гипс ($\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$) тасының химиялық құрамында 29,89 % кальций оксидінен, 38,11 % күкірт оксидінен және 20 % астам кристаллизацияланған судан тұратындығы анықталды. ЦЕМ I/ 42.5 Б маркалы портландцементтің химиялық құрамында 60,87 % кальций оксидінен, 20,48 % кремний оксидінен және 5,8 % астам алюминий оксидінен тұратындығы анықталды. Опоканың химиялық құрамында 75,31 % кремний оксидінен, 9,24 % алюминий оксидінен және 4,6 % астам күйдіру кезіндегі жоғалудан тұратындығы анықталды. Қарағанды қаласы ЖЭО-3 күл қалдығының химиялық құрамында 58,98 % кремний оксидінен, 30,05 % алюминий оксидінен және 4,0 % астам темір оксидінен тұратындығы анықталды. Нәтижесінде шикізаттардың химиялық құрамы негізгі басым бөлігі (SiO_2 , CaO, Al_2O_3 және SO_3) оксидтерден құралғаны және ауыр металдардың мөлшері шамадан артық емес екендігі, сондай-ақ, зиянды қоспа бөлшектердің кездеспейтіндігі анықталды.


Термогравиметриялық талдау Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-нің «Akylbayev Research Center» орналасқан зауанауи Labsys Evo 1600 TG/DSC термогравиметриялық талдағышын қолдана отырып зерттелді. Термогравиметриялық талдау нәтижелерінің графигі 1 суретте көрсетілген.




(a)



(а)



(ә)



(б)

Сурет 1. Қыздыру кезіндегі шикізат массалары мен жылу эффектісінің өзгеру графигі (TGA/ DSC): а) гипс; ә) цемент; б) опока; в) күл.

Термогравиметриялық талдау (ТГА) кезінде үлгі салмағының өзгеруін тіркеу арқылы материалдардың термиялық тұрақтылығы мен фазалық өзгерістерін бағалауға мүмкіндік береді. Гипстің термогравиметриялық және дифференциалды жылу талдауында гипстің ыдырауы сатылы сипатта екенін және бірізді дегидратациядан туындағанын көрсетті. Қыздырудың басталуы 20-100 °C температурада орын алды. Термогравиметрлік қисық сызығында үлгі массасы шамамен 15,5 % төмендеуі 120-180 °C температуралар аралығында едәуір салмақ жоғалтқандығын көрсетеді. Бұл процесс жылу ағынының қисығында айқын эндотермиялық әсерді көрсетеді. Массаның жоғалуы екі сулы гипстің ($\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$) дегидратациясына байланысты, ол кристалданған суды бірізді жоғалтады. Алдымен жартылай сулы гипске ($\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$), содан кейін ангидритке (CaSO_4) ауысады. 200 °C-тан кейін масса іс жүзінде 640 °C-ге дейін тұрақты болып, бұл пайда болған ангидриттің термиялық тұрақтылығын көрсетеді. Таза гипс үшін (20,9 %) бақыланатын массаның жоғалуы теориялықтан біршама төмен. Бұл бастапқы сынамада қоспалардың немесе ішінара сусыздандырылған материалдың болуы мүмкіндігімен түсіндіріледі. Гипс кристалданған судың жоғары үлесімен табиғи немесе техникалық қос сулы гипстің классикалық мінез-құлқын көрсетеді. 170 °C жоғары қызған кезде тұрақты ангидрит пайда болады. 400-600 °C температурада шағын төмендеу сазды минерал құрамындағы су молекулаларының ыдырауын көрсетеді.


Цементтің термогравиметриялық және дифференциалды жылу талдауында ЦЕМ I/42.5 Б маркалы портландцементтің 20-120 °C температуралар аралығында 0,8-1,0 % жуық массаның жоғалуы бос (адсорбцияланған) ылғалдың, өте әлсіз байланысқан судың ұшуын көрсетеді. 120-200 °C температуралар аралығында эттрингит минералдың ($3\text{CaO} \cdot \text{Al}_2\text{O}_3 \cdot 3\text{CaSO}_4 \cdot 32\text{H}_2\text{O}$) және белгілі бір дәрежеде гипстің сусыздануы жүреді. Эттрингит кристалдану суының көп бөлігін осы диапазонда жоғалтады. 200-400 °C температуралар аралығында моносольфоалюминаттың сусыздануы және төмен негізді кальций гидросиликаттарының (C-S-H) ішінара ыдырауы жүрді. 420-580 °C аралығындағы қарқынды масса жоғалту портландит минералының дегидратациясын көрсетеді. 600 °C-тан жоғары температураның одан әрі төмендеуі кальциттің декарбонизациялануын көрсетті.

Опоканың термогравиметриялық және дифференциалды жылу талдауында 20-120 °C температуралар аралығында бастапқы массаның жоғалуы адсорбцияланған судың жоғалуымен түсіндіріледі. 120-180 °C температурада күрт төмендеу опоканың сусыздануын, сазды минералдардың құрамындағы су молекулаларының жоғалуын көрсетеді. 180-400 °C температуралар аралығында масса жоғалу минималданады, органикалық заттардың жануы басталады. 400-520 °C аралығында сазды минерал гидрослюданың құрылымдық сусыздануы және ішінара кальцит қоспаларының декарбонизацияға ұшырауын көрсетеді. 520-640 °C аралығында кремний оксидінің соңғы сусыздануы орын алды. Жалпы 640 °C дейін 10,5-11,5 % масса жоғалту орын алды.


Күлдің термогравиметриялық және дифференциалды жылу талдауында 20-150 °C температуралар аралығында бастапқы массаның жоғалуы шамамен 1,2-

1,5 % құрайды, мұнда адсорбцияланған ылғалдың жоғалауы тіркелді. 150-280 °C температурада тұрақтылық тіркелді, ал 280-380 °C аралығында экзотермиялық әсердің, яғни күл құрамында жанбай қалған көміртектің тотығуымен түсіндіріледі. 280-640 °C аралығында негізгі массаның жоғалуы 4,5 % құрады. Мұнда негізгі процес күлдің құрамындағы сазды және карбонатты фазалардан судың жоғалуы орын алды.


Электронды микроскопиялық талдау М. Әуезов атындағы ОҚЗУ-нің «Құрылымдық және биохимиялық материалдар аймақтық инженерлік сынақ зертханасында» орналасқан зауанауи JEOL JSM-6610LV растрлық сканерлейтін микроскопын қолдана отырып зерттелді. Электронды микроскопиялық талдау нәтижелері 2 - суретте көрсетілген.




(a)



(a)



(6)



Сурет 2. Микроқұрылым және рентгендік спектрограмма: а) гипс; ә) цемент; б) опока; в) құл.

Расторлы электронды микроскопиялық талдау нәтижесінде, гипс дигидратның поликристалды агрегаты бейнелеген. Суретте гипс микроқұрылымы ірі түйіршікті тәрізді, өлшемі 50-ден 500 мкм-ге дейінгі дұрыс емес пішінде көрсетілген. Түйіршік беті тегіс емес және кедір-бұдыр, жарықты ұсақталған табиғи гипс жынысына тән көрініс анықталды. Гипс микроқұрылымында жасанды түрде өсірілген немесе қайта кристалданған гипске тән айқын ине тәрізді немесе ламельді морфология кездескен жоқ. Энергия дисперсиялық рентгендік спектроскопия нәтижесінде негізгі элемент күкірттің (S) шың қарқындылығы жоғары, кальций (Ca) және оттегі (O) шындары жоғары және сульфат формаларына сәйкес келеді. Бұл кальций сульфатының стехиометриялық мәніне толықтай дәлелдейді. Si, Al, K және Mg аз мөлшерде болуы табиғи гипс құрамында саз қоспаларының бар екендігін көрсетеді.

Микроскопиялық талдауда портландцемент ұнтағының гидратталмаған күйі бейнелеген. Суретте цемент микроқұрылымы ұсақ дисперсті және бөлшектердің пішіні гетеогенді сипатта, өлшемі 5-10 мкм аз және орташа өлшемі 10-40 мкм аралығында көрсетілген. Түйіршік беті тегіс емес, қараңғы фонда айтарлықтай анық емес фазалар көрінісі анықталды. Цемент микроқұрылымында үш кальцийлі силикат және екі кальцийлі силикат минералдарының басымдығы және аралық фаза үш кальцийлі алюминат және ауыр фаза төрт кальцийлі алюмофериттен тұратындығы анықталды. Энергия дисперсиялық рентгендік спектроскопия нәтижесінде негізгі элемент Ca – цемент минералдарының негізгі катионы және Si – силикат фазаларының маңызды элементі анықталған. Бұл кальций силикаттарының басым екендігін растайды. Al және Fe болуы алюминат (C_3A) және феррит (C_4AF) фазаларының бар екенін көрсетеді. Кішкентай күкірт шыңы (S) ұстасу мерзімін реттеуші гипс дигидратын ($CaSO_4 \cdot 2H_2O$) көрсетеді.

Микроскопиялық талдауда опока минералының жоғары кеуікті және күрделі беттік құрылым бейнелеген. Суретте опока микроқұрылымы жүздеген мкм дейінгі біркелкі емес тесіктер мен қуыстар көрінеді, 100 мкм кіші бөлшектер аморфты кремний диоксидінің агрегаттары көрсетілген. Энергия дисперсиялық рентгендік спектроскопия нәтижесінде опоканың кремнийлі табиғатын толық растайды. Кремний мен оттегінің жоғары мөлшері аморфты кремнийдің басым

екенін көрсетеді. Са, Al, Fe, Mg және К болуы табиғи опокаға тән және саз минералдарының (каолинит, монтмориллонит), карбонат қоспаларының және темір қосылыстарының бар екенін көрсетеді (Jurkowska et al., 2022).

Микроскопиялық талдауда күлдің жоғары дисперстілігімен бейнеленген. Суретте 5 мкм-ден 100-150 мкм-ге дейінгі өлшемдегі бөлшектердің, шыны тәрізді микроқұрылымы көрсетілген. Бұл жоғары температурада күйдірілген және жылдам салқындағанды көрсетеді. Кейбір ірі бөлшектер кеуекті болуы жанбаған көміртек қоспаларының бөлшектеріне тән көрініс анықталды. Энергия дисперсиялық рентгендік спектроскопия нәтижесінде күлдің кремнийлігі тән. Si және Al мөлшерінің жоғары болуы негізгі пуццоландық белсенді фаза болып табылатын алюмосиликат шынысының басым екенін растайды. Темірдің болуы феррит және магнетиттің болуын көрсетеді. Са және S аз мөлшерде болуы кальций қосылыстары мен сульфаттардың болуын көрсетеді. Көміртек шыңы (C) жанбаған көміртектің болуын, оның мөлшері күлдің минералды қоспа ретіндегі сапасына әсер етеді.

Қорытынды. Зерттеу жұмысының нәтижесінде келесідей қорытынды жасалды:

1. Зерттелген материалдардың химиялық құрамын талдау нәтижесінде, гипс құрамында кальций сульфаты дигидраты $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ басым болуы SO_3 (38,11 %) және CaO (29,89 %) жоғары құрамымен сипатталады. SiO_2 (4,64 %) және Al_2O_3 (1,29 %) төмен құрамы саз қоспаларының салыстырмалы түрде аз мөлшерде кездесетіндігін көрсетті. Портландцемент ЦЕМ I 42,5Б құрамында CaO (60,87 %) және SiO_2 (20,48 %), Al_2O_3 (5,88 %) және Fe_2O_3 (3,77 %) анықталды. Негізгі оксидтердің арақатынасы силикат фазаларының алит және белит басым болуын дәлелдейді. Опокада SiO_2 (75,31 %) мөлшерінің айтарлықтай жоғарылауымен, төмен CaO (1,24 %) мөлшерімен ерекшеленеді. Кремний диоксидінің жоғары мөлшері, Al_2O_3 айтарлықтай төмен мөлшерімен (9,24 %) және күйдіру кезіндегі жоғалу (ККЖ=4,68 %) аморфты кремнийі мен саз минералдарының басым болуын көрсетеді. Бұл химиялық құрам опоканың жоғары пуццоландық белсенділігін анықтайды. ЖЭС ұшқыш күлі F класындағы кремнийлі ұшқын күлге тән, SiO_2 (58,98 %) және Al_2O_3 (30,05 %) жоғары мөлшерімен сипатталады. Қышқылдық оксидтің жалпы мөлшері ($\text{SiO}_2 + \text{Al}_2\text{O}_3 + \text{Fe}_2\text{O}_3$) 93 % асады, бұл алюмосиликат шынысының жоғары мөлшерін көрсетеді. CaO мөлшерінің төмендігі (2,08 %) оның қышқылдық сипатын растайды. Күйдіру кезіндегі жоғалу (0,97 %) шығыны жанбаған көміртек пен карбонаттардың төмен мөлшерде екендігін дәлелдейді.

2. Зерттелген материалдардың термогравиметриялық талдау нәтижесінде, гипстің 120-180 °C температура аралығында негізгі масса жоғалу 15-16 % болды, мұнда негізгі процес $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ сусыздануы орын алды. ЦЕМ I 42,5Б портландцементте 420-580 °C температура аралығында негізгі масса жоғалу 2-3,5 % болды, мұнда негізгі процес портландит минералының $\text{Ca}(\text{OH})_2$ сусыздануы анықталды. Опокада 400-520 °C температура аралығында негізгі масса жоғалу 10-11 % анықталды, мұнда негізгі процес сазды минералдардың құрамындағы су молекулаларының жоғалуы анықталды. Күлде 380-640 °C температура аралығында

негізгі масса жоғалу 4,5-5,5 % болды, мұнда негізгі процес көміртектің жану мен декарбонизациялану процесінің жүруі дәлелденді.

3. Зерттелген материалдардың расторлы электронды микроскопиялық талдау нәтижесінде, барлық компоненттердің құрамы айтарлықтай тұрақты екені және зиянды және қажетсіз қоспалардың мөлшері рұқсат етілген шектен төмен екені анықталды. Сондай-ақ, шикізаттардың құрамында радиоактивті элементтер U, Th, Ra және улы ауыр металл элементтерінің Cu, Pb, Be бөлшектері анықталған жоқ.

Қорытындылай келе, жүргізілген физика-химиялық зерттеудің нәтижесінде гипс, цемент, опока және күл қосындысынан гипс-цемент-пуццоланды композициялық материал алуға толықтай мүмкіндік бар екендігі дәлелденді.

References

Amiraliyev B., Taimasov B., Potapova E., Sarsenbaev B., Begentayev M., Dauletiyarov M., Kuandykova A., Abdullin A., Ainabekov N., Auyesbek S. (2025) Heat Treatment of Clay Shales and Their Utilization as Active Mineral Additives for the Production of Composite Cements. *Journal of Composites Science*. – No. 9. – 269 p. <https://doi.org/10.3390/jcs9060269> (in English).

Bumanis G., Korjakins A., Bajare D. (2022) Environmental Benefit of Alternative Binders in Construction Industry: Life Cycle Assessment. *Environments*. – No. 9. – P. 6. <https://doi.org/10.3390/environments9010006> (in English).

Bumanis G., Vitola L., Pundiene I., Sinka M., Bajare D. (2020) Gypsum, Geopolymers, and Starch-Alternative Binders for Bio-Based Building Materials: A Review and Life-Cycle Assessment. *Sustainability*. – No. 12. – P. 5666. <https://doi.org/10.3390/su12145666> (in English).

Bumanis G., Zorica J., Bajare D. (2020) Properties of Foamed Lightweight High-Performance Phosphogypsum-Based Ternary System Binder. *Applied Sciences*. – No. 10. – P. 6222. <https://doi.org/10.3390/app10186222> (in English).

Calderón-Morales B.R.S., García-Martínez A., Pineda P., García-Tenório R. (2021) Valorization of Phosphogypsum in Cement-Based Materials: Limits and Potential in Eco-Efficient Construction. *Journal of Building Engineering*. – No. 44. – P. 102506. <https://doi.org/10.1016/j.jobbe.2021.102506> (in English).

Cement Industry Net Zero Progress Report 2024/25. Global Cement and Concrete Association. On this link. <https://gccassociation.org/wp-content/uploads/2024/11/GCCA-Cement-Industry-ProgressReport-202425.pdf> 10.11.2024. (in English)

Colak A. (2011) Physical, Mechanical, and Durability Properties of Gypsum–Portland Cement–natural Pozzolan Blends. *Canadian Journal of Civil Engineering*. – No. 28. – P. 375-382. <https://doi.org/10.1139/100-123> (in English).

Declercq Y., Delbecq N., De Grave J., De Smedt P., Finke P., Mouazen A.M., Nawar S., Vandenberghe D., Van Meirvenne M., Verdoodt A. (2019) A Comprehensive Study of Three Different Portable XRF Scanners to Assess the Soil Geochemistry of An Extensive Sample Dataset. *Remote Sensing*. – No. 11. – P. 2490. <https://doi.org/10.3390/rs11212490> (in English).

Galautdinov A.R., Mukhametrahimov R.Kh. (2019) Osobennosti gidratatsii modifitsirovannogo gipsotsementno-puttsolanovogo vyazhushchego [Features of hydration of modified gypsum-cement-pozzolan binder]. *Construction materials*. – No. 10. – P. 58-63. (in Russian).

Jurkowska A.A., Świerczewska-Gładysz E. (2022). Opoka – a mysterious carbonate-siliceous rock: an overview of general concepts. *Geology, Geophysics and Environment*. – No. 48. – P. 257-278. <https://doi.org/10.7494/geol.2022.48.3.257> (in English).

Makarova I.A., Lokhova N.A. (2011) Fiziko-khimicheskiye metody issledovaniya stroitel'nykh materialov [Physico-chemical methods of research of building materials]. BSU edition: Belarus. – No. 2011. – 139 p. (in Russian).

Myrzakozha D.A., Mirzakhodzhaev A.A. (2014) Zamanai zertteu adisteri [Modern research methods]. Almaty. – No. 2014. – 352 p. (in Kazakh).

Potapova E.N. (2016) Nailuchshiye dostupnyye tekhnologii proizvodstva tsementa. Opyt razrabotki rossiyskogo spravochnika [The best cement production technologies. Experience in the development of the Russian directory]. Crocus: Moscow, Russia. – 49 p. (in Russian).

Production. Portland cement (except white). Bureau of National statistics of the Agency for strategic planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. On this link. <https://stat.gov.kz/en/> 06.03.2026. (in English).

Sahmenko G., Puzule L., Sapata A., Slosbergs P., Bumanis G., Sinka M., Bajare D. (2024) Gypsum–Cement–Pozzolan Composites for 3D Printing: Properties and Life Cycle Assessment. *Journal of Composites Science*. – No. 8. – P. 212. <https://doi.org/10.3390/jcs8060212> (in English).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)

<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

Managing Editor: T. Apendiev
Editors: D.S. Alenov, A.Shormakova
Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 22, 2026
Format: 70×90 1/16. 24.5 printed sheets. Order No. 2.

*«Central Asian Academic Research Center» LLP
Almaty, Shevchenko Street, 28*